



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



ҚАРАЛЫ ҒАСЫР

Шетінен текті туған
бабам асыл,
салады сағым жылдар
санада асыр.
...Қараңдап қырдан асып
ғайып болды –
Қазақтың басындағы қара
ғасыр.

Обаға бастап барар тастан
өрген,
Сүреңсіз сүрлеу көргем қасқа
белден.
...Заманның зар илеткен
іірімінде
Бабамның басы қалған
аштан өлген.
Аяғын арғымақтың тұсап
ұран,
Біз, көке, жаралғанбыз
құсалыдан...
Тарихтың таразысы
безбендесе –
сол күндер құсады қан...

Иә, солай, шідер көрдім,
көген көрдім, өксіген
өткенімнен өлең көрдім.
Бас алған, – шаш ал, –
десе саясаты –
Сталин, Голощекин
дегендердің.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ, ақын
(«Тамақөшкен» поэмасынан үзінді)



The IMD World Competitiveness Scoreboard 2016

WCY 2016	Country	WCY 2015	Change	WCY 2014	Country	WCY 2013
1	China Hong Kong	2	+1	31	Edonia	31
2	Switzerland	4	+2	32	France	32
3	USA	1	-2	33	Poland	33
4	Singapore	3	-1	34	Spain	37
5	Sweden	9	+4	35	Italy	38
6	Denmark	8	-2	36	China	35
7	Ireland	16	+9	37	Latvia	43
8	Netherlands	15	-7	38	Turkey	40
9	Norway	7	-2	39	Portugal	36
10	Canada	5	-5	40	Slovak Republic	46
11	Luxembourg	6	-5	41	India	44
12	Germany	10	-2	42	Philippines	41
13	Greece	13	-1	43	Slovenia	49
14	Taiwan	11	-3	44	Russia	45
15	UK	12	-3	45	Mexico	39
16	New Zealand	17	+1	46	Hungary	48
17	Australia	18	+1	47	Kazakhstan	34
18	United Kingdom	19	+1	48	Indonesia	42
19	Malaysia	14	-5	49	Romania	47
20	Finland	20	-	50	Bulgaria	55
21	Iceland	21	-	51	Ecuador	51
22	Belgium	23	+1	52	South Africa	53
23	Ireland	24	-1	53	Jordan	52
24	Austria	26	-2	54	Peru	54
25	China Mainland	22	-3	55	Argentina	59
26	Japan	27	+1	56	Brazil	50
27	Czech Republic	29	-2	57	France	56
28	Thailand	30	-2	58	Croatia	58
29	Korea Rep.	25	-4	59	Ukraine	60
30	Lithuania	28	-2	60	Hong Kong	57

РЕЙТИНГТЕ ҚҰЛДЫРАДЫҚ

4



ЕЛДІҢ МҰҢЫ – ЖАЛАҚЫ ЖЫРЫ

7

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қайдан ғана
сұрап едім?..

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒЫЛЫМ

Азалия
АХМЕТОВА:

1937

ЖЫЛДЫ

ұмытпаймын

«Әлі есімде, әкем жұмыстан келгенде жүгіріп алдынан шығатынмын. Үйге кірген бойда мені төбесіне көтеретін. Сол кез менің ең қуанышты сәттерім еді. 1937 жылдың қараша айы. Әдеттегідей әкемді күтім отырғанмын. Бір кезде жүзі солыңқы күйде әкем келді. Артынан көк шинель киген үш адам қоса кірді. Әкемнің жұмыс үстеліндегі заттарды ақтара бастады. Әкем де, анам да үнсіз».

(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
49,68

DOLLAR
338

EURO
379

РУБЛЬ
5,11

ТҮЙТКІЛ




ШЕКАРАДАҒЫ КҮРКЕЛЕР

Ақтөбе облысы. Қазақстан мен Ресей шекарасы. Бұл жерге келсең, құдды бір XX ғасырдың 60-жылдарына тап болғандай боласың. Жұпыны, жұтаң көрініс. Ол жаққа бару бұрыннан ойда болатын.

(Жалғасы 3-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАҢА САЙТЫ

jasqazaq.kz



Серіктестік

Әлемдік экономикаға ашық



Еуразия экономикалық одақ Еуропа мен Азия арасындағы сенімді көпірге айналуы тиіс. Бұл туралы Ақордада өткен жоғары Еуразия экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәлім етті.

Жиынға Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей президенттері Владимир Путин, Серж Саргсян, Александр Лукашенко, Алмазбек Атамбаев қатысты. Іс-шара барысында Еуразия экономикалық одақты дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары қарастырылды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ЕАЭО-ның бірлескен нарығы Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы байланыстырушы буын болуға тиіс

екендігін айтты. Сондай-ақ Президент «Өзара сауданың күрт төмендеуін сезініп отырған қазіргі кезде бізге осы қиын жағдайда өзара іс-қимылдың өзге жолдарын табу мүмкіндігін іздестірген жөн. Бірлестік аясында ынтымақтасу бізге ресурстарды шоғырландырып, экономикалық тұрғыдан бірлесе даму үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді», — деді. Елбасы биыл ЕАЭО-ға біздің елдің төрағалық ететінін ескере келіп, интеграциялық бірлестіктің одан әрі табысты, әрі қарқынды дамуы үшін барлық күш-жігердің жұмсалатынына айтты. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында 12 шешім қабылданды.

В.ПУТИН:
ЕАЭО «СИҚЫРЛЫ КҮШ» КҮТПЕЙМІЗ

«Қазақстан біз үшін ең жақын әрі ең сенімді серіктес ел. Біздің экономикалық тұрғыда байланысымыз да жақсы. Өткен жыдары Қазақстан экономикасының дамуы нақтыланып, біржолға қойылды.

Бұл алдағы қиындықтарды оңай өткізуге септігін тигізеді. Еуразиялық экономикалық аймақтан «сиқырлы күш» күтпейміз. Дегенмен, интеграциялық байланысымыз қазіргі қиындықтарды өтуге көмектеседі»

А. ЛУКАШЕНКО:
СӨЗ КҮЙІНДЕ ҚАЛЫП ТҮР

«Ортақ бірлестік Кеден одағы, Біртұтас экономикалық кеңістік, ақыр соңында Еуразия экономикалық одағына айналып, эволюциялық ігерілеуді бастан кешірді. Бірақ түрлі салымдар мен шектеулер сол күйінде қалып қойды. Ол ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшін бірдей экономикалық шарттар мен бөгетсіз орта қалыптаспаған. Ішкі сауда айналымы көлемінің тек азайып жатыр. 2012-2013 жылдары ол (ішкі айналым) 65 млрд доллар еді. Ал 2015 жылы небәрі 45 млрд долларды құрады. Дәрі-дәрмек пен медицина бұйымдарының ортақ рыногын қалыптастыру жайы баяғыдан талқыланып келе жатыр. Алайда бұл мәселе де сөз күйінде қалып тұр»

Рахман АЛШАНОВ,
ЭКОНОМИСТ:



Кәсіпкерлер түсіне бастады

Жас қазақ: Еуразия экономикалық одаққа кіргенімізге биыл екі жыл толды. Неден ұттық, неден ұтылдық?

Рахман Алшан: Ресейдің осыдан екі жыл бұрынғы өзінің даму деңгейіне жете алмай жатуы біздің елімізге де белгілі бір дәрежеде әсерін тигізеді. Мұны жокқа шығаруға болмайды. Бірақ Еуразия экономикалық одақ аясында Қазақстанның тауар айналымы күрт жоғарылады. Менің есебім бойынша, 2010 жылмен салыстырғанда 2015 жылы біздің еліміздің солтүстік көршімізге тасымалдайтын азық-түлік тауарының көлемі бірнеше есеге өскен. Мысалы, кәдімгі сарымай 26 есеге, тауық жұмыртқасы алты есеге, шошқа майы 17 есеге көбейген. Мен сіздерге қарапайым дерек келтірейін. Мәселен, 2010 жылы Қазақстаннан Ресейге жөнелткен азық-түлік тауарының көлемі 236 мың тонна болса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 750 мың тоннаға жетті.

Жас қазақ: Сіз айтып отырған бес жыл ішінде бірнеше рет девальвация орын алды. Рубль күрт арзандады. Сонда жаңағы азық-түлік көлемінің өсуіне ақшаның құнсыздануы әсер еткен жок па? Қалай ойлайсыз?

Рахман Алшанов: Сіздер мынаны ескеріңіздер: рубль арзандаған кезде отандастарымыз шапқылап барып, Ресейден тауар алды. Анау-мынау емес, тауарды өте көп көлемде әкелді. Еліміздегі дүкен мен базар сөресінде Ресей тауары аяқ астынан қаптады да кетті. Мысалы, өткен жылы еліміздің азық-түлік өндірушілері мен Ресей арасындағы тауар айналымының деңгейі бұрынғы мөлшерінен 40 пайызға дейін өсіп кетті. Азық-түлік өнімінің 18 түрі 20-дан 40-қа дейін көбейді. Бұл нені білдіреді, түсінесіз бе?

Жас қазақ: Нені білдіреді?

Рахман Алшанов: Бұл — отандық кәсіпкерлер Ресей экономикасын бұрынғыға қарағанда өте жақсы түсіне басталы дегенді білдіреді. Қарапайым мысал: АҚШ пен Батыс салған санкциядан кейін Ресейге Еуропадан, Түркиядан келетін тауар орны үндейіп, босап қалды ғой. Міне, сол бос орындарды біздің кәсіпкерлеріміз дер кезінде пайдаланып үлгерді. Бұл, менің ойымша, өте жақсы әрі тиімді әрекет.

Сұхбаттасқан
Марат МАМАНБАЙ

Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк төрағасы:

«Екінші деңгейлі банктер арасындағы карточкалық ақша аудару, төлем жасау жүйесіне Ұлттық Банк араласатын болады. Яғни үнемі қадағалап отырады. Бірақ ортақ ұлттық төлем жүйесі құрылмайды. Жаңа заң күшіне енсе, Ұлттық Банк төлем терминалдарын да бақылауда ұстайтын болады»



Мұхтар ТІНЕКЕЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Ұлттық Банк болғанымен, сіздер екінші деңгейлі банктердің ғана сөзін сөйлеп жүрсіздер. Бұған дейін әзірлеген исламдық қаржыландыру, сақтандыру мен коллекторлар туралы заңның қарапайым халыққа түк қажеті жоқ. Төлемдер туралы құжатты да қарамас бұрын, ауыл-аймақтарға банкомат орнатып беріңіздер?»



– Сіз қашан мемлекеттік тілді үйренесіз? Біздің қойған сұрағымызға қазақ тілінде қашан жауап аламыз?

Әлеумет.т⁰



Ақпараттың ақиқаты

Әу баста Еуразия экономикалық одақ (ЕАЭО) экономикалық тұрғыда құрылып жатқан одақ деп түсіндірілді. Ал апта басында Ресей басшысы Владимир Путин «экономикалық одаққа мүше елдердің бірыңғай ақпараттық кеңістігі болуы керек» деген ой тасталды.

Шынын айтқанда, бұрынғы кеңестік елдер қатарында Ресейдің ақпарат ағынына көбірек көңіл бөлетін біз ғана шығар. Қарап отырғанымыз да Ресей үкіметінің мемлекеттік тапсырысы аясында түсірілген сериалдар мен бағдарламалар. Оның да өзіндік себебі болса керек. Осы кезге дейін журналистиканың мүлде басқа салаға қосақталып келгені газетімізде жазылған еді (№20 «Жас қазақ», Ауыл мен газет). Енді, міне, арнайы министрлік құрылды. Алдағы уақытта құзырлы мекеме осы кемшіліктерді ескереді деген сенімдеміз.

Ал әзірге эфирдегі прайм-тайм уақытын кәріс пен үнді сериалдарына беріп қойдық. Ақпарат саласы да жетісіп тұрған жоқ. Газет, телеарна, сайттардағы жаңалықтар легі егіз қозыдай. Арасында өзгенің мүддесін көксейтін жаңалықтарды да көзін шалады. Шыны керек, бүйте берсек, еліміздің ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайтын түріміз бар.

Пультті басып қалсаңыз, РТР мен НТВ туындылары еліміздің республикалық, өңірлік телеарналарында қаптап жүр. Терістіктегі көршіміз түсірген сериалдар мен бағдарламаларды таңның атысынан, күннің батысына дейін тамашалаймыз.

Алысқа бармай-ақ қояйық, Ақтөбенің өзінде ғана жергілікті радионың қазақ тіліндегі жаңалықтары «Федеративті кеңестің бүгінгі отырысында» деп басталған-ды. «Радио России» дегенің «Рика» медиатобына кіретін «Ақтөбе» радиосының күнделікті бірнеше сағат эфиріндегі жаңалықтар

топтамасы осылай беріліп отырды.

Баспасөзге келсек, қазақ тілінде шығатын республикалық қоғамдық басылымдар саусақпен санарлықтай. Екі-үш жылдың ішінде қазақ тілінде елге тарайтын бір емес, төрт басылым жабылып қалды.

Ал бізден басқа бұрынғы кеңестік мемлекеттерде жағдай қалай? Украиндар мен өзбектер, латыштар мен молдавандар орыс телеарналарынан бас тартып жатыр. Дегенмен Қырғызстанның кейбір саясаттанушылары Владимир Путиннің өлгі айтқан сөзіне қосылады. Токтоғұл Қақчеев «ортақ ақпараттық кеңістік құру арқылы, діни экстремистердің қадамын қалауға болады», — деп отыр. Сол елдің тағы бір саясаттанушысы Тұрат Әкімов «ортақ ақпараттық кеңістік болған жағдайда ғана бір-бірімізді түсінетін боламыз», — депті. Осы тұста отандық саясаттанушы Досым Сәтбаевтың пікіріне назар аударсақ. Ол «ЕАЭО — Ресей үшін геосаяси жоба» екенін атап өтті. Оның айтуынша, Мәскеу осы жоба шеңберінде күн тәртібіне ақпараттық кеңістік мәселесін кіргізу әрекеті арқылы қандай бір дәрежеде құрылымды бақылауда ұстағысы келеді. «Менің ойымша, бұл Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігіне белгілі бір дәрежеде қауіп төндіреді», — деп ол өз ойын ашық айтты.

Күні кеше емес пе, Ресейдің еліміздегі бөлімшесі, өздерін «Қазақстанның бірінші арнасымыз» деп айдарлаған «Еуразия» телеарнасының елді дүрліктіргені. Қазір аталған телеарнаға қатысты іс қозғалып, сотқа тартылуда.



Аскар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Қызықтан
қызықтары

300 мың
теңгелік
теледидар
аламын деп, 15
млн айыппұл
төлейтін болды.

Оқиға Семей қаласында орын алған. Қаладағы бір түрме басшысы С.Салтабаев жазасын өтеп жатқан азаматты мерзімінен бұрын бостандыққа шығаруға жәрдем беретінін айтып, ақысына 300 мың теңге тұратын теледидар

Қайдан ғана
сұрап едім?..



талап
еткен.

Алайда оның ойлағаны бола қоймады. Теледидарды қолына алып жатқан сәтте өзі де сарт етіп, құдық қорғаушылардың қолына түсті де қалды.

tickets.kz VS Алматы
тұрғыны

– Скажите, пожалуйста, дату вылета?
– Бүгін керек, бүгін қаншада?
– Говорите пожалуйста по русский, я вас не понимаю.
– Билет алсақ бола ма, Астанаға?
– Из всего, что вы сказали, я понял только слово «билет»

almaty.tv

Жауабы

Аптаның

Сауалы

Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк төрағасы:

«Өте орынды сұрақ. Келесі жылы»

(Мәжілісте журналистерге берген жауабы)

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Жуырда Ақтөбедегі редакциямызға оқырмандар хабарласты. Көрші елден елімізге өтіп келе жатып, адам шошырлық жайтқа кезіккен олар неліктен шекара маңындағы жағдайды әкім-қаралар реттемейді деп сауал тастады.

ҚОҒАМ **ЖҚ**

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Ақтөбе облысының Мәртөк ауданындағы Жайсаң ауылы тұрғындарының айтуынша, қыстыгүні шекарадағы қосынға облыс әкімі Бердібек Сапарбаев келіп, ел аумағына кіреберістегі дүңгіршектерді көрген. Содан кейін бірден бұл жерді бір ретке келтіру керектігін айтқан. Алайда қыс өтті. Қар еріп, көктем де артта қалды. Ресей жағынан ел аумағына кіреберістегі жүдеу көрініс сол күйінде.

Оқиға орнына барып, өз көзімізбен көріп қайттық. Қалай болса солай орналасқан үйшіктер. Әсте бір жау шауып кеткен жерді елестетеді. Сол мандағы трансформатордың сымдары төмен қарай салбырап тұрады. Адам бойымен бірдей. Жақын манда, тіпті дені дұрыс күту залы жоқ. Күні кешеге дейін шекарада сағаттап тұратын жолаушылар әжетханаға бара алмай қиналған. Тұрғындардың айтуынша, бір күндік кеңселердің айналасына қарап-ақ, сырттан келгендер еліміз туралы жақсы ойламауы мүмкін.

Жайсаң ауылының тұрғыны Ерлан Сарболат «Қала да емес, ауыл да емес, Қазақстан деген мемлекетпіз. Шекараны өтіп, Ақтөбе облысының Мәртөк ауданы аумағынан кіре

бергенде шашырай орналасқан дүңгіршектерді көріп, ұяттан кіреге жер таппай қаласың. Мына масқараны жергілікті әкімдер неге назарға алмасқа?», — дейді.

Шекара маңындағы жалғыз мейрамхананы көзіміз шалды. Егесіне жолығып көрген едік. Кәсіпкер Баян Ақзамованың бұл маннан жер телімін алып, шаруасын дөңгелетіп жатқанына 3-4 жылдың шамасы болған. Оның айтуынша, 2012 жылы жол бойындағы сервисті дамыту мақсатында дәмхана мен дүкен ашу үшін жер телімін алған. Ақтөбе-Орынбор аралығында шекарадан 50 метрде орналасқан. Б.Ақзамова «Рас, бастапқыда ол жердегі көріністі көріп, жерден бас тарттым. Өйткені, біріншіден, төрт-бес дүңгіршек жолды жауып тұр. Екіншіден, сымдары салбырап, трансформаторлар тұр. Қоқыс тастайтын апан жатты. Әжетхана жоқ



айналада. Алайда жергілікті әкім-қаралар жағдайдың дұрысталатынын айтып, кәсібімді бастай беруімді сұрады. Кейін ол жерде тал-терек отырғызылып, шағын саябақ пайда болатынына дейін айтып сендірді. Дүңгіршектерді ысырамыз деп көндірді. Содан аудан басшылығына ғимараттың үлгісін сызып көрсеттім», — дейді.

Мәртөк ауданы арқылы «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» көлік дәлізі өтетіні белгілі. Болашақта шекараға аппарат жол төрт жолақты болады деп жоспарланған. Аптап ыстық пен қақаған аязда жолаушылар сағаттап тұруға мәжбүр. Ал олардың жылынатын, не көленкеде отыратын орындары болмаған. Айналып келгенде, еңкейген қариядан, еңбектеген

балаға дейін кәсіпкердің дәмханасын паналауға мәжбүр.

— Мен оларды қалай кіргізбеймін?! Өткенде аяғы ауыр келіншек келді, аяйсын ғой, адам болған соң. Бір ақсақалды туыстары енді-енді өледі деп, Орынборға апармай-ақ, дәмханаға жатқыза тұруларын өтінді. Денесі көгеріп кеткен, бір

бөлмені босатып, ақсақалды сонда жатқыздық. Абырой болғанда, барлығы жақсы болды, ауруханаға жеткізілді, — дейді кәсіпкер Әйел.

Шекарадағы адам шошытарлық көрініс туралы, ондағы кіреберістің көркін бұзып тұрған дүңгіршектер туралы Мәртөк ауданының әкімі Нұржауған Қалауовқа хабарластық. Аудан басшысы көктемге қарай оларды басқа орынға жылжыту туралы әңгіме болғанын растады. Алайда сұрағымызға жауап бермеді.

«Бұл сұраққа менің орынбасарым жауап берсін», — деп қысқа қайырды.

Белгілі болғандай, Мәртөк ауданы әкімдігінде осы шекарадағы жайтқа қатысты бір емес, бірнеше отырыс болғанға ұқсайды. Дүңгіршек иелерін шақыртып, үйшіктерді жылжыту туралы ұсыныс жасалған көрінеді.

Дүңгіршек қожайындарына ескерту де жасалған. Олар қолын қойып, келіскен де деседі.

Сактандыру агенті отыратын тек бір шағын вагон ғана Жайсаң ауылына қарай көшірілген. Қалғандары әне көшіріледі, міне көшіріледі деп жүргенде, облыс басшысының тапсырмасы орындалмай да қалады.

«Мамыр айының соңына дейін барлық дүңгіршек көшірілу керек болатын. Өкінішке қарай, тек біреуі орнынан қозғалды. Қыста бұл жерде

қар қалып болады. Шекарашылар өздеріне тиесілі аумақты тазартады. Ал қалғандарымен шаруасы жоқ. Менікі жолдан жырақта болған соң, облыс орталығынан көлік жалдап, оған майын құйып, қар аршимыз. Мына дүңгіршектердің арасынан өту қиын, трансформатордың сымдары қыста қардың бетіне түсіп тұрады. Мен кәсібімді сол үшін аштым ба? Біреу токқа түсіп өлсе, не болады? Дәмхана мен дүкеніме тауар да әкеле алмаймын. Жігіттер қораптарды жолдың бойынан омбы қармен өтіп, 50-60 метр жерге дейін жаяу тасиды. Көлігімді жақындата алмаймын. Егер ашық болса, емін-еркін қарын аршып, адам секілді жұмыс істеуге болар еді», — дейді ашынған кәсіпкер.

Жайсаң ауылының тұрғындары мен кәсіпкерді облыс басшысы Б.Сапарбаевтың тапсырмасының орындалмай қалғаны қынжылтады. О баста 3-4 дүңгіршек болса, қазірде олардың саны 20 шақты. Не әжетханасы жоқ, не қоқыс салатын жәшігі қойылмаған. Ауыл тұрғыны Ерлан Сарболат «Басқа-басқа, бірақ шекарада кіреберісті ретке келтіру керек», — деп отыр.

«Қазақстанға алғаш келетін меймандар бар. Шекара, кеден бекеті тек тексеру орны емес, еліміздің бас қақпаларының бірі ғой. Айналырған ондаған гектар жерді неге дұрыстап, әп-әлемі қылып қоймасқа? Әлде бюджетте қаражат қарастырылмаған ба? Бәлкім, әкім-қаралардың сол күрке қожайындарымен өз есебі бар ма екен?», — дейді күмәнін жасырмаған ол.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Жайсаң кеден бекеті,
Қазақстан-Ресей шекарасы

Жанайқай

«Біздің бұл үйде тұрғымыз келмейді. Кезекте сарыла күтіп, пәтер кілтін алғанда қуанып едік. Көшіп келгенімізге бір жыл да болған жоқ. Енді, міне, үйсіз-күйсіз күн кешетін түріміз бар. Толастамаған жауынның кесірінен жертөле де суға толған. Бұл үйді қайта салады дегенді естідік. Бірақ мына үйде енді біздің тұрғымыз келмейді».

Бұл Алматыдағы Алғабас ықшамауданының тұрғыны Айтбүбі Байғарашова әжесінің жанайқайы. Жуырда ғана бой көтерген көпқабатты үйден «200-ден астам тұрғынды шығарып жатыр»,



Айтбүбі Байғарашова

Қолында баласы бар Айнуір есімді осы үйдің тұрғыны, жертөлені су басқанын айтты. Ашынған ана «Үй сапасыз салынған. Соның кесірінен осындай жағдай орын алып отыр», — дейді. Тұрғын үйдің құрылысын жүргізген «Астана құрылыс» компаниясының бас директоры Бекболат Амантурлин «үй сапасыз салынған» дегендермен келіспейді. Ол «Арнайы комиссия құрылды. Кінә бізден болса, олқылықты реттеуге дайынбыз», — деп отыр. Қазіргі таңда

судың жыры» деп аталатын мақала түсіп кетті. Екі нөмір бұрын шыққан мақалада «біз неге міндетті түрде бір оқиға болған соң ғана тексере бастаймыз», — деген мәселе көтеріп едік. Аузымызды жиып алғанша, мына жағдай орын алды. Осы кезде апатты үйдің тұрғыны Айгүл Молдабекқызы қасымызға жақындап «Мен көпбалалы анамын. Кезекте тұрып, әрең жеткен үйіміз. Қараныздаршы, мына техниканың көмегімен жердің ылғалдылығы тексерілуде. Неге үй салынбай тұрып, тексермеген. Мені осы мәселе толғандырады», — деді. Тұрғындар «бұл үйге кіруден қорқамыз» деп отыр. Себебі жертөле суға толған. Ал жеделсатыға міну, тіпті қауіпті. Арнайы құрылған комиссия үйдің не себептен қисайғанын анықтауда.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

«Бұл үйде тұрғымыз келмейді»

— дегенді естіген бойда оқиға орнына жеттік. Түнімен қонақүй мен туыстарын паналаған жұрт пәтеріне кіре алмай әлек. Тәртіп сақшылары үй манайын қызыл лентамен қоршап тастаған. Алатау ауданы әкімінің орынбасары Шахмерден Рыспаев жиналған тұрғындарды сабырға шақырып, «Шешім қабылданады. Әзірге қонақүйде тұра беріңіздер», — деді. «Қандай қонақүй? Ол жерде ешқандай жағдай жасалмаған», — деп бәрі бірауыздан шуласты.



Айгүл Молдабекқызы

апатты деп танылған 1/136 үйдің 32 см-ге қисайғаны анықталды. Мемлекеттік бағдарлама бойынша салынған үйге тұрғындар өткен жылдың қазан айынан бастап қоныстанған. Біз оқиға орнына барған уақытта мамандар арнайы құрылғының көмегімен тұрғын үй орналасқан жердің ылғалдылығын тексеріп жатты. Осы уақытта есіме жуырда газетімізде шыққан «Жылда



PS. Осы кезде Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек қалалық пәтер иелері кооперативіне қатысты жиналыс өткізіп жатты. 365info.kz сайты хабарлағандай, қала басшысы «Жарық жанып тұруы керек. Қоқыс уақытылы шығарылып, үйдің кіреберісі таза болуы қажет. Осы жағдайда адамның көңіл-күйі көтеріледі», — депті. Бұл әкімнің жалпы қаладағы көпқабатты үйлерге қатысты айтқаны. Алайда алғабастықтардың қазіргі таңда көңіл-күйін үй кіреберісінің таза болғаны емес, қауіпсіз болғаны көтеретін сияқты.



Біздің сұхбат

Жас казак:
Қайрат Нематұлы, жакында өткен Инвесторлар кеңесінің жиынында Елбасы инвесторларға карата «Қайрат Келімбетов бұл жұмыста пайдалы болады» деп айтты. Қаржы орталығынан не күтеміз?

Қайрат Келімбетов:
Рахмет! Инвесторлар кеңесі жиынындағы негізгі тақырып осы «Астана» халықаралық қаржы орталығының төңірегі болды. Бұл, расын айту керек, ел экономикасын өртаптаңдыруға арналған жоба. Осы шаруаны жолға қою үшін конституциялық заңға өзгеріс енгізілді. Біз әлемдік қаржы саласының алпауыттарын елімізге келіп жұмыс істеуге шақырамыз. Орналасатын жері — ЭКСПО көрмесі өтетін аумақ. 25 қетарға сай. 2018 жылдан кейін осы аумақта толыққанды жұмыс басталады. Ал қазір дайындық шаралары жүргізіліп жатыр. Қаржы орталығының ерекшелігі — мұнда тіркелген компаниялар арнайы заң — ағылшын құқықнамасы бойынша өз операцияларын атқарады. Ресми тілі — ағылшын тілі.

Жуырда Мемлекет басшысының төрағалығымен Инвесторлар кеңесінің жиыны өтті. Онда негізгі әңгіме «Астана» халықаралық қаржы орталығы төңірегінде өрбіді. Осыған орай біз орталықтың Басқарушысы Қайрат Келімбетовтен сұхбат алдық.

жеке тұлғалардың әл-аукатын басқару, исламдық қаржыландыру және қаржы-технология салалары.

Естіген боларсыз, «Самұрық-Қазына» қорының компаниялары жекешелендіруге әзірленіп жатыр. Ірі компаниялар немесе «ұлттық чемпиондар» деп атап жүрміз. Солардың акциялары АХҚО алаңында



дәл сол уақыт банктердің әлемдік қаржылық институттардан несиені көп алатын кезеңімен тұспа-тұс келді де, әрі қарай дағдарыстың басталғанын білесіздер. Сол кездегі Аймақтық қаржылық орталық пен қазіргі Халықаралық қаржы орталығының бір-бірінен өзгешелігі — өзге стратегия, өзге бизне іс-шаралары.

Орталық Азия, ЕЭО елдерінің қаржы жүйесін жақсырақ білеміз. Сондықтан, осы аймақтағы ел инвесторларының біздің орталықта тіркеліп, жұмыс істеуі аса тиімді.

Жас казак: Қандай елдің инвесторларымен кездесіп, келіссөздер жүргізіп жатырсыздар? Жалпы, инвесторлардың көңіл ауаны қандай?

Біздің мақсат – бәсекелесу емес

Қайрат КЕЛІМБЕТОВ:



орналастырылады. Бұл біздің негізгі бағытмыздың бірі. Активтерді басқару деген сала — ол мына Ұлттық қор мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін басқару. Жеке тұлғалардың әл-аукатын басқару әлемдік өзге қаржылық орталықтарында

AIFC Astana International Financial Centre

Жас казак: Неліктен ағылшын құқығына иек тіремексіздер?

Қайрат Келімбетов: Өйткені инвесторларды оларға таныс жүйе бойынша жұмыс істеуге шақыруымыз керек. Қандай да бір мәселе туындаса, оны қарастыратын Тәуелсіз сот жүйесі, арбитраж құрылады. Біз бұл жүйені қазіргі ең озық қаржы орталықтарының тәжірибесін ескере келе, қолға алып отырмыз. Дубай, Гонконг, Сингапур, Нью-Йорк, Лондон қаржы орталықтарының үлгілеріне сүйендік. Біздің орталыққа тіркелетін компанияларды 50 жылға дейін корпоративтік және күн салығынан босатамыз. Оларды ЭКСПО көрмесі өткеннен кейін біздің иелігімізге берілетін кенселермен алғашқы жылдары тегін қамтамасыз етеміз.

Жас казак: Қаржы орталығына келетін компаниялар қай бағытта жұмыс істемек? Оларға біз не ұсына аламыз? Біздің рынок олар үшін тартымды ма?

Қайрат Келімбетов: Біздің басты бағытымыз — бұл капитал нарығы, активтерді басқару,

тансық емес дүние. Бұл сала да әрі қарай дамытуды талап етеді. Исламдық қаржыландырудың Қазақстан үшін маңызы зор. Біздің аймақ — көршілес елдерді қосқанда, осы ислам қаржыландыруы құралдарын дамытуға аса үлкен мүмкіндік беретін аймақ. Қаржы технологияларының қазір екінші деңгейлі банктердің алдын орап алып кететін әлеуетін көріп отырсыздар. Бұл да біз үшін маңызды бағыт. Міне, осы атап өткен 5 бағыт біздің орталықтың қызмет көрсететін саласы.

Жас казак: Біз осыдан 10 шақты жыл бұрын Алматыда дәл осындай қаржылық орталық ашамыз деп жоспар құрғанбыз. Ол жүзеге аспай қалды. Бұл орталық ол кемшілікті қайталамайды ма?

Қайрат Келімбетов: Алматы аймақтық қаржы орталығын құру жобасы мен бұл «Астана» қаржы орталығының айырмашылығы жер мен көктей. Ең алдымен, ол қаржы орталығында, мына қазіргі жаңа орталықтағыдай ағылшын заңнамасы жұмыс істеген жоқ. Тәуелсіз сот деген ұғым болмады. Дәл қазіргідей нақты саяси шешімге ие болған жоқ. Оның үстіне,

Жас казак: Дубайдан, Сингапурдан үлгі аламыз деп отырсыз. Олармен бәсекелесетін қауқарымыз қандай?

Қайрат Келімбетов: Біздің мақсат — бәсекелесу емес, керісінше, ірі қаржы орталықтарымен ынтымақтаса жұмыс істеп, солардың озық үлгілерін біздің қаржы орталығына енгізу. Мәселен, жаңа айтып өткенімдей, активтерді басқару деген негізгі саламыз бойынша біз сингапурлық модель бойынша жұмыс істейміз. Исламдық қаржыландыру бойынша малайзиялық модельге иек тірейміз. Қаржы орталығын басқару жүйесі бойынша дубайлық модель бізге көбірек ынғайлы. Ал инвестициялық климат бойынша гонконгтық үлгі бізге өте тиімді.

Сосын мына мәселеге назар аударуыңызды сұраймын — біздің осы еуразиялық аймақта дәл осы секілді ағылшын заңнамасы бойынша жұмыс істейтін, тәуелсіз сот жүйесі құрылатын басқа қаржы орталығы жоқ. Біздің сондықтан да мүмкіндігіміз молырақ болмақ.

Жас казак: Қайрат Нематұлы, ал біздің аудиториямыз қандай елдер? Біз қай елдердің инвесторларына иек тірей аламыз?

Қайрат Келімбетов: Ең алдымен, ол біздің көршілеріміз — Еуразия экономикалық одақтың (ЕЭО) елдері, Орталық Азия мемлекеттері, Қытай.

Тағы бір ескеретін жайт — Астана халықаралық қаржы орталығы әлем инвесторлары үшін осы жаңа аталған елдерге ашылатын дәліз секілді. Инвесторлар біздің көмегімізбен, сол елдердің нарығына кіре алады.

Өзіңіз ойлап қаранызшы, мәселен, Дубай қаржы орталығы Таяу Шығыс пен Африка елдерінің қаржы орталығы ретінде қызмет көрсетеді. Қытайда қандай ерекшеліктердің барынан Гонконг қаржы орталығынан артық ешкім хабардар болмас. Ал біз «Астана» халықаралық қаржы орталығы ретінде

Қайрат Келімбетов: Еуропаның, Азияның, Таяу Шығыс пен АҚШ-тың қаржы орталықтарында болып, ірі қаржы орталықтарының басшылары және өкілдерімен кездесу өткізіп жатырмыз. Жаңа айтып өткенімдей, «Дубай» ХҚО-мен жұмыс жүргізудеміз. Ол Парсы шығанағы өңіріндегі біздің негізгі серіктесіміз. Лондондағы ХҚО, Лондон қор биржасы және Лондон қаржыгерлер қауымдастығымен кеңірек ықпалдастыққа қол жеткіздік. Америкалық серіктестеріміздің «Астана» ХҚО қызығушылығы жоғары. Қытайдағы қаржы реттеушілері, Қытай инвестициялық корпорациясы, Жібек жолы қорымен бірлесіп іс атқармақпыз. Еуропаның қаржы реттеушілері де осы аймақтағы жаңа қаржы орталығына құлақ түріп отыр.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы 2018 жылдың басында толыққанды жұмыс істей бастайды. Соған дейін біз әлемнің қаржы нарығында бар барлық үздік тәжірибелерді енгізу үшін орасан мол қызмет атқаруымыз қажет.

Жас казак: Енді осы орталықтың негізгі қызмет істейтін мамандық иелерін білсек. Тек қаржыгерлер ғана орталықта қызмет ете ала ма? Отандастарымыз жұмысқа қалай қабылданады?

Қайрат Келімбетов: Орталықтың қатысушы мүшелері ретінде брокерлік-дилерлік қызмет көрсететін компаниялар, инвестициялық компаниялар, ислам банкері, сактандыру компаниялары, заң компаниялары, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік қызмет ететін компаниялар шақырылады. Бұл құрылымдық реформаларды жүргізуге өте жақсы әсер ететін жоба. Алдағы 7-10 жылдың ішінде 18 мыңнан астам жұмыс орны құрылады деген жоспарымыз бар. Оның ішінде, әрине, қазақстандық қаржыгерлер, зангерлер, өзге де мамандық иелері болады. «Астана» халықаралық қаржы орталығы елдің ішкі жалпы өнімінің артуына, жалпы, Астананың әрі қарай дамуына оң ықпал етпек.

Сұхбаттасқан Руслан ДОСТАЕВ

Аптаның айтысы

Әліби ЖҰМАЕВ,
Астана қалалық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы:

«Астана қаласының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасына қосымша 4 млрд 583 миллион теңге бөлінді. Есіп жағалауына субұрқақ салуға – 3 млрд 971 миллион теңге бөлінді.



Мұхтар ЕРКЕТАЕВ,
Астана қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі:
«4 млрд теңге мәдениет басқармасына бөлінеді. Мен мұны түсінбедім. Дұрыс жоспарланбағандықтан, субұрқаққа 3,9 миллиард теңге жұмсалайын деп отыр. Егер де бір маңызды жобаға жұмсалатын болса, түсінер едім. Жыл ортасында мәдениет басқармасына бөлініп отыр?

Дереккөзі: Today.kz

Рейтингте құлдырадық

Жыл сайын жаңарып тұратын әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі (World Competitiveness Ranking) ахуалымыз мәз емес. Швейцария IMD институты жариялаған дерекке сүйенсек, Қазақстан осы сала бойынша төмен құлдырап, 47-орыннан бір-ақ шыққан. Бұл рейтингтегі ең төмен көрсеткіш. Өйткені, үнемі көш соңына таман жүретін Мексика (45-орын), Индонезия (48) және Грекия (56) небәрі 6 саты төмендеген. Былтыр осы институт кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізгенде еліміз 34-орында еді.

WCY 2016	Country	WCY 2015	Change	WCY 2016	Country	WCY 2015	Change
1	China Hong Kong	2	+1	31	Estonia	31	-
2	Switzerland	4	+2	32	France	32	-
3	USA	1	-2	33	Poland	33	-
4	Singapore	3	-1	34	Spain	37	-3
5	Sweden	9	+4	35	Italy	38	-3
6	Denmark	8	+2	36	Chile	35	-1
7	Ireland	16	+9	37	Latvia	43	+6
8	Netherlands	15	+7	38	Turkey	40	+2
9	Norway	7	-2	39	Portugal	36	-3
10	Canada	5	-5	40	Slovak Republic	46	+6
11	Luxembourg	6	-5	41	India	44	+3
12	Germany	10	-2	42	Philippines	41	-1
13	Qatar	13	-	43	Slovenia	49	+6
14	Taiwan	11	-3	44	Russia	45	+1
15	UAE	12	-3	45	Mexico	39	-6
16	New Zealand	17	+1	46	Hungary	48	+2
17	Australia	18	+1	47	Kazakhstan	36	-13
18	United Kingdom	19	-1	48	Indonesia	42	-6
19	Malaysia	20	-5	49	Romania	47	-2
20	Finland	21	-	50	Bulgaria	55	+5
21	Israel	23	+1	51	Columbia	51	-
22	Belgium	24	+1	52	South Africa	53	+1
23	Iceland	26	+2	53	Jordan	52	-1
24	Austria	22	-3	54	Peru	54	-
25	China Mainland	27	+1	55	Argentina	59	+4
26	Japan	29	+2	56	Greece	50	-6
27	Czech Republic	30	+2	57	Brazil	56	-1
28	Thailand	25	-4	58	Croatia	58	-
29	Korea Rep.	28	-2	59	Ukraine	40	+1
30	Lithuania			60	Mongolia	57	-3
				61	Venezuela	61	-

Көш басында тұрған АҚШ биыл үшінші боп тұр. Ол Гонконгқа жол берді. Тек мұнайға сеніп отырған Венесуэла ең соңғы орында.

IMD рейтингі 5 мың кәсіпкер арасында сауалнама жүргізу арқылы жасалады. Мұнда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін экономикалық даму, басқару тиімділігі, іскерлік орта және инфрақұрылым деңгейі бойынша бағалайды.

Тағылым

Қалың газет арасынан көзге таныс бір басылымды жұлып алған кейуана «Сіздердің газетті үзбей оқимын. Жақсы дүние жазасыздар. Дизайны да басқаларға ұқсамайды» – деп, «Жас қазақтың» ең соңғы санын алдыма жайып салды. Сонан соң «Мына мақаланы оқып, егіліп жыладым. Қазақтың көрмеген азабы жоқ қой. Ғаббас Қабышұлы менімен шамалас, бірақ ойы әлі сергек екен, жазғандарын қарашы!» – деп «Жаннида» деген деректі хикаятты көрсетті. Мен бас изеп, әжейдің ойына қосылдым.

Сөз саптауы мен өзін ұстауы, жалпы ішкі мәдениеті осы бірауыз сөзінен-ақ көрініп тұр. «Газет-журналдарды үзбей оқимын. Мен сияқты көрі кісіге бұл да бір ермек» – деп үстел үстіндегі газеттерді ақтара бастады. Арасында кейбір газеттің беті кара сыямен боялып, кейбір тақырыптарды қоршап қойған, кейбірін қайшымен киіп, қиындысын реттеп, көшірмесін жасап қойғанын байқадым. «Апа, мына



отырғам. Бір кезде жүзі солынқы күйде әкем келді. Артынан көк шинель киген үш адам қоса кірді. Әкемнің жұмыс үстеліндегі заттарды ақтара бастады. Әкем де, анам да үнсіз. Тексерушінің біреуі: «Бұл не деген құпия тыңшы. Жазу үстелінде тек қана таза қағаздар. Сіз бізбен бірге жүріңіз», – деп әкеме дауыс көтере сөйлегені әлі күнге құлағымда жаңғырып тұр», – дейді әжей ауыр күрсініп.

«Әкем – Мұталап Ахметов қазақ, орыс тілінде жазатын журналист болған. «Қазақ тілі», «Колхозшы», «Әулие ата», «Социалистік Мақтарал» газетінде бас редактор кейіннен республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде тілші қызметін атқарды. Әкем халық жауы ретінде танылып, 1938 жылы наурыз айында ату жазасына кесілді. Анам – Зинаида Ахметова АЛЖИР-ге қамауға алынып, кейіннен Шығыс Қазақстанға қоныс аударылып, сол жакта қаза болды. Жастайымнан жетім қалып, тағдырдың түрлі тауқыметін бастан кешірдім ғой»

Қасыма жакындаған екі ер кісінің бірі: Сіз, Ахметова қазақсыз ба? – деп сұралды. «Иә» дегенім сол еді, сіз неге «Еңбек резервтері» құрамындасыз – дей берген де әңгімеге екіншісі араласып: «Қызым, Алматыға барғын келе ме? Оқуынды ҚазПИ жалғастыратын боласың, – деді. Сол күнгі қуанышымда шек жоқ. Ол бақытты сәтті сыйлаған сол кездегі білім ордасының басшылары Мәлік Ғабдуллин мен Борис Левченко болатын.

Аталған оқу орнында жүріп, көптеген спорттық жарыстарға қатыстым. Алғашқы орынды иеленбесем де, екінші, үшінші деген орыннан көрініп жүрдім» деп жастық шағын есіне түсірген кейуаның жүзі бал-бұл жанды.

Оқуын аяқтаған соң Қазақ дене шынықтыру институты (қазіргі Спорт және туризм академиясына) ұстаздық қызметке орналасады. Аталған оқу орнында 40 жылға жуық қызмет істеп, қазақ

Азалия АХМЕТОВА:

1937 жылды ұмытпаймын

газеттеріңіз, тіпті сарғайып кетіпті ғой» – дедім. «Ол сарғайған парақтар менің жанымның жартысындай кастерлі жазбаларым» – деп ауыр күрсінді. 86 жасқа келсе де, жанары суалмаған, жады өшпеген жанның зердесіне таң қалып отырмын.

«Саған көрсетейін дегенім – мынау еді» – деп әлгі қиынды арасынан «Трагедияға толы ғұмыр» деп аталатын кітаптың көшірмесін алып шықты. «Бұл – әкем туралы жазба». Кейуаның жүзінен

деп көзіне іркілген жасын жасырып қояды кейуана.

«Өткен күнге өкпем жоқ» өмір сырғып жатыр, осы жасқа дейін бақытты ғұмыр кешіп келем деп жігерленіп қояды. Өмірімнің осылай болғанына ешкімді кінәламаймын, адам көз жасын ешкімге көрсетпеуі керек» – деп әңгімесін жалғастырды әжей.

«Балалық шағымның қиын күндері артта қалсын, ол туралы мақалалар мен ессе-әңгімелер көп жазылды»

спорттың дамуына үлесін қосып, зейнеткерлікке шыққан.

«Институт менің – екінші үйіме айналды. 40 жылға жуық менің өмірім спорт институтымен тығыз байланыста болды. Мен бұл жерде тек қана жұмыс жасаған жоқпын, өмір сүрдім десем, артық айтқаным емес. Оқу, жарыс, ғылыми конференциялар барлығы аса ыждағаттылықпен жасалатын» деп еске алған кейуана, архивіндегі біраз суретін көрсетті.

Зейнеткерлікке шықса да, қаладағы қоғамдық шараларға жиі қатысады. Әсіресе өзі еңбек еткен оқу ордасындағы ұйымдастырылатын мерекелердің құрметті қонағы. «Кейде балалық шағымның, сұрапыл елестері есіме түсіп, түнді ұйқысыз өткізем. Күні кеше болғандай көз алдымнан өтетін сәттер болады». Бәлкім, мен ол шақты ешқашан ұмыта алмайтын шығармын деп ауыр күрсінді кейуана.

Иә, сол бір сұрапыл жылдардың әжейдің жүрегінде мәңгі сақталары хақ. Алайда еш қиындыққа мойымай, ертеңінен зор үміт күтетін әжейдің, болашаққа үмігі зор.

Жасы 86-ға келсе де, әрбір жылдың естелігі әжейдің көкірегінде сайрап



сағыныш таңбасын көргендей болдым. Ол әлгі көшірме қағазға ұзақ тесіліп қалды...

Бұл кісі қазақтан шыққан тұңғыш гимнаст. Ғасырға жуық жасаса да, сымға тартылған сымбаты соны аңғартқандай. Тағдыр тауқыметіне еш мойымай, өмірге деген құлшынысы көзінен көрініп тұрған алматылық Азалия Ахметова туралы айтқанда, «Өмір – күрес, күресе жүріп, жене біл» деген сөз ойына оралады. Ата-анасы қуғын-сүргінге ұшырап, жастайынан жетім қалған қаршадай қыздың, өмірдің қиындығына мойымай қарсы тұрғанына танданасың.

«Мен әкемді ұстап әкеткен 1937 жылдың қарашасын ешқашан ұмыта алмаймын» – деп бастады әңгімесін кейіпкерім.

«Әлі есімде, әкем жұмыстан келгенде жүгіріп алдынан шығатынмын. Үйге кірген бойда мені төбесіне көтеретін. Сол кез менің ең қуанышты сәттерім еді. 1937 жылдың қараша айы әдеттегідей әкемді күтім

– деп әжей өзі туралы жазылған материалдарды көрсетті.

«Өмірімнің ең жарқын белесі деп, 1954 жылды айтар едім, Мәскеуде «Лужники» стадионында спортшылардың шеруіне қатысқан болатынмын.

түр. Өмірінің әрбір белесін, қай күні болғанын, кімнің болғанын ұмытпай айтатын кейуаның есте сақтау қабілетіне тәнті болдым.

Мақпал
НОҒАЙБАЕВА

ЖАН МЕН САН

1931-1933 жылдары аштықтан қырылған қазақтар саны –

2 млн 300 мың

Шетелге кеткен босқындар –

1 млн-нан асады
Қырылған төрт түлік –
40 млн

1937-1938 жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандары –

115 мың
Оның ішінде атылғаны –
25 мың



(Дерек 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және алаш азаматтары атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдарынан алынды)

Көрме



Енді құпия емес



Астанада саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай алғаш рет Ұлттық мұрағатта «өте құпия» деген жазумен сақтаулы тұрған құжаттардың көрмесі өтті. Ел назарына қойылған 300-ге тарта құжаттың ішінде Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Жандосов, І.Жансүгіров, С.Асфандияров, Б.Майлиннің ең соңғы суреттері мен жаппай жазалауға қатысты құжаттар бар. Сонымен қатар көрмеде Сталин зұлматының зардабын тартқан халықтарға қатысты құжат топтамасы жұрт назарына ұсынылды.



Суретті түсірген Бауыржан ЖУАСБАЕВ

Дерекнама



2009 ЖЫЛ



2011 ЖЫЛ

ӘКІМ УӘДЕ БЕРДІ!

Бауыржан
БАЙБЕК,
Алматы қаласының
әкімі:

«Қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына ескерткіш орнатылады»

31.05.2016



2016 ЖЫЛ

Есеп

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖАУРАМАЙДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов 2015-2016 жылдардағы жылыту маусымының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, бұл науқанға бюджеттен 4,780 млрд теңге қарастырылып, толығымен игерілген. Яғни облыс бойынша 29 қазандық, 24,2 шақырым жылу жүйесі, 704,6 шақырым сумен жабдықтау, кәріз құбырлары және 13800 шақырым электр желілері жөнделіпті. Сұйық отынмен жанатын бюджеттік саланың 41 нысанында жалпы сомасы 133, 977 млн теңге қаражатқа қазандықтарды ауыстырған. Жылу жүйелерінің ұзындығы – 376,3 шақырым болса, оның 214,7 шақырымы жөндеуді қажет етеді екен. Демек, жылу жүйелерін жөндеу күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі болып отыр.

Байқауымызша, облыста орталықтандырылған жылумен қамту деңгейі де жыл санап жақсарып, ұлғайып келеді. Соның бір дәлелі

Жұмысы ауыр болса да, көп елене бермейтін сала болады. Соның бірі – қаланы жылыту мекемесі. Мектеп, көпқабатты үйлерді жылыту үшін түн ұйқысын төрт бөлетін жауапты мамандардың кейбіреулер «қыс біткенде олар да демалады», – деп ойлайды. Керісінше, қайта жұмыс қызады. Қазақта «Қыстың қамын жаз ойла» деген мақал бар. Бұл уақытта олар жағатын көмір, отынның мөлшерін есептеп, күзге қарай қажетті жылу көзін қамбаға жеткізіп қояды. Құбырды ретке келтіреді. Қысқасы, қылышын сүйреп қыс келгенде тосын жағдайға ұрынбаудың амалын қарастырады. Өткен аптада Алматы облысы әкімдігінің мәжіліс залында өткен алқалы жиын былтырғы жылыту маусымын қорытындылап, биылғы және келесі жылғы қысқа дайындықты тағы бір пысықтап алуды көздеді. Облыс әкімі Аамандық Баталов атқарылған жұмыстардың жетістіктері мен кемшіліктерін тілге тиек етіп, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.



Біріншіден, жылыту маусымына қажетті қаражатты азайтады. Өйткені, көмір сатып алу азаяды. Бұл бюджетке түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетеді.

Екіншіден, шағын және орта кәсіпті дамытуға пайдасы шаш-етектен. Жана жұмыс орындарының ашылуына мұрындық болады.

Үшіншіден, облысымызда жиі орын алатын газ баллонының жарылу қаупі сейіледі. Көпқабатты тұрғын үйлер табиғи газға жүгінетін болғасын, газ баллонын пайдалану қысқарады.

шаруалары туралы баяндады. Талдықорғандағы арықтарда су жоқтығын, есесіне, онда коқыс толып жататынын, ерте көктемде егілген ағаштардың қуарған хәлін айтқан облыс әкімі мұндай олқылықтардың орын алуына жол бермеуін қала әкіміне қатаң ескертті. Келесі жылғы жылыту маусымына дайындықты таразылап алуды да ұмытпады өңір басшысы. Бұл салаға жауапты тұлғалардың әрқайсысын тұрғызып, жылу, су, жарық мәселелерінде шикілік

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

ретінде Ғалымжан Райылұлы Сарқан қаласында жалпы құны 1,1 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 26 Гкал болатын орталық қазандық іске қосылып, 4,6 шақырым жылу жүйелері салынғанын атап өтті. Нәтижесінде бүгінгі күні 30 бюджеттік сала нысандары орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Ал Қаратал ауданы Үштөбе қаласында қуаттылығы 20 Гкал-ны құрайтын қазандық пен жылу жүйелері жаңартылған. Үй-үйге жылу жүйесі дұрыс жету үшін көпқабатты тұрғын үйлердің күтімі де келісті болуы керектігін ескерген. Осы сала жауаптылары былтырғы жылы 241,3 млн теңгеге 13 көпқабатты тұрғын үйге жөндеу жұмыстарын жүргізген. Оның алтауы қайтарым қаражат есебінен жүзеге асқан.

ШЫРАҒЫҢЫЗ СӨНБЕЙДІ

2015 жылы республикалық және жергілікті бюджеттерден электрмен жабдықтау бойынша 41 жобаны іске асыруға 2,40 млрд теңге бөлініп, 180 шақырым электр желісі салынған. Қарасай ауданында құны 4,8 млрд теңгені құрайтын «Қаскелен» стансасы және 53 шақырым электр желісі салынып, қазірде пайдалануға берілген. Жылыту маусымындағы электр қуатын ең жоғарғы тұтыну мөлшері 466 МВт жеткен. Оның 344 МВт-ын ішкі өндіріс көздерінен өндірілген болса, сыртқы электр көздерінен (*Жамбыл, Павлодар облыстары, Қырғызстан*) 122 МВт энергия сатып алынған. Мұны тым көп деп бағалаған Аамандық Баталов энергияны толықтай ішкі көздерден

тартуға талпыну керектігін айтты.

ТІРШІЛІК КӨЗІ БАСТЫ НАЗАРДА

Ауыл-аймақты ауыз сумен қамту қашан да маңызды мәселелердің бірі болып келген. Қазір де бұл мәселенің күрмеуі шешілген. Ауыз суды орталықтандырылған жүйеге енгізу арқылы көптеген елді мекен таза су ішіп отыр. Мәселен, 2015 жылы сумен жабдықтау және су бұру бойынша 116 нысанның іске асырылуына 12 миллиард 500 миллион теңге бөлінген. Нәтижесінде облысқа қарасты 60 елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтылыпты. Нақты деректерге жүгінесек, 704,6 шақырым су құбыры жүйелері салынып, қайта жаңартылған, 68 жана ұңғыма бұрғыланып, бірінші және екінші деңгейдегі 63 сорғы стансасы, 118 жана су қоймалары салынып, 64 су мұнарасы орнатылған. Өңірде «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан шаруалар да көп. 2016 жылы 10 жобаны іске асыру үшін 4 миллиард теңге бөлінген, оның 9-ы ауыз сумен қамтамасыз етуге арналып отырса, біреуі жылумен қамтуға бағытталған. 2016 жылы сумен жабдықтау және су бұру бойынша 55 нысанның құрылысы және қайта жаңғыртуға 10 миллиард теңге бөлінген. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің 275 шақырымына жөндеу жұмыстарын жүргізу және жана желілер салу жоспарланған.



КӨГІЛДІР ОТЫН – ҚАУІПСІЗ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ

Көгілдір отын – жайлы тіршіліктің негізі. Дамыған елу елдің қатарындағы Қазақстан үшін табиғи газбен қамтылып, ендігі жерде от жағып, құл шығарудың қажеттілігі болмауы заңды. Халқына жайлы тіршілік қамтамасыз етуді міндет еткен облыс әкімдігі биыл көгілдір отын өңірдің бас қаласына жетелі деген болатын. Айтқанындай-ақ, қазіргі кезде табиғи газ 210-шы шақырымына келген. Қазіргі кездің өзінде облысқа қарасты 98 елді мекенге табиғи газ тартылған. Бүгінгі күні құны 19,6 млрд теңге және ұзындығы 264,8 шақырым болатын «Алматы-Талдықорған» магистральды газ құбырының құрылысы жүргізілуде. Қазіргі кезде 210 шақырым газ құбыры тартылып, 14,9 миллиард теңге игерілген.

Көгілдір отынмен қамту – ел экономикасына да, халық игілігіне де оң өзгерістер әкеледі. Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Әсет Қанағатов табиғи газдың артықшылықтарын жіпке тізді.

Яғни апатты жағдайларды алдын алады.

Төртіншіден, қаламыздың экологиялық ахуалын жақсартады. Өйткені, табиғи газ улы қалдық шығармайды.

Алқалы жиында облыстағы коммуналдық-шаруашылық, энергетика саласындағы біршама кемшіліктер де аталды. Мәселен, жылумен қамтамасыз етуші ұйымдар алдында облыс тұрғындары мен бюджеттік ұйымдардың берешектері өсіп кеткен. Талдықорған қаласы – 435,4 миллион теңге, Текелі – 107,3 миллион теңге, Ескелді – 17,9 миллион теңге, Қаратал – 8,5 миллион теңге, Көксу ауданы 2,1 миллион теңге қарыз. Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде Қапшағай қаласы әкімдігі дебиторлық берешекті жою бойынша жұмыстарды тым баяу жүргізіп жатқандығын, бұлай бола берсе, келесі жылыту маусымына дайындық та көңіл көншітпейтінін айтып, дабыл қакты. Осыдан кейін мінбеге шақырылған Талдықорған және Қапшағай қаласының әкімдері коммуналдық салада атқарылған

болмау керектігін қадап айтты. Жиын соңында осы салаға еңбегі сіңген қызметкерлерді облыс әкімінің Алғыс хатымен, құрмет грамотасымен және облыс әкімінің I, II, III дәрежелі дипломымен марапаттады. Облыс әкімінің алғыс хатымен «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының әкімшілік қызметкері Тайыр Палманов, «Талдықорған жылу сервис» кәсіпорны «Баскуат» қазандығының басшысы Диас Тазабеков және тағы басқалар облыс әкімінің құрмет грамотасымен облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова, «ТАТЭК» акционерлік қоғамының инженері Медет Омарбаев марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Ал облыс әкімінің I дәрежелі дипломымен Кербұлақ ауданының әкімдігі фронтальды жүктегіш тракторымен, II дәрежелі дипломмен Райымбек ауданының әкімдігі экскаватор жүктегіш тракторымен, III дәрежелі дипломмен Талғар ауданының әкімдігі аспалы жабдықты тракторына қол жеткізді.

Үлгі

Білімді ұрпағы бар елдің болашағы да жарқын болады. Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі биыл республика бойынша 5-рет «Үздік олимпиадалық мектеп» деп танылып отыр.

Бұл туралы соңғы қоңырау салтанатында мектеп директоры Дәуірхан Пірмағамбетов хабарлады. Оның айтуынша, биыл 90 түлек мектеп бітіріп жатса, оның 8-і «алтын белгі», үшеуі ерекше аттестат үміткері. Биылғы жылы 38 оқушы ғылыми конкурстар мен түрлі олимпиадалардың жеңімпазы



болған. Соңғы қоңырау салтанатына арнайы барған облыс әкімі Аамандық Баталов Назарбаев зияткерлік мектебінің түлектеріне сәт сапар тіледі.

А.Баталов: «Білімді, білікті мамандары көп ел ғана



мықты мемлекет бола алады. Болашақта Қазақстанның озық 30 елдің қатарына кіруіне бүгінгі білімді ұрпақ үлес қосы тиіс. Міне, осы бағытта Назарбаев зияткерлік мектебінің жасап жатқан жұмысына сәттілік тілеймін. Құрметті түлектер! Бүгінгі

күн Сіздер үшін ерекше күн, үлкен өмір жолының бастауы болғалы тұр. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында сіздерге ақ жол, сәт сапар тілеймін. Өмірде қанаттарын талмасын, озық ойлы, білімді, парасатты азамат болындар», – деді.

Мектептің үздік оқушылары, олимпиада жеңімпаздары, белсенділер, спортшылар,

де есімдері аталды. Олар – Мағжан Мұратов, Елена Ли, Алина Пак – Венгрия, Валентин Шумаков, Айым Бакытбайқызы – Сингапур, Жәңгір Қоржымбаев – Гонконг, Павел Мацко, Эвелина Кан Ресейге оқуға түскен.

Биылғы жылы Алматы облысында 737 мектепті 13 408 оқушы бітірді.



Бетті дайындаған Шынарғұл ОҢАШБАЙ, Алматы облысы

Игі іс

— Біздің аймақта 80-нен астам этнос өкілі тұрады. Олар жуырда этномәдени бірлестікке жұмылдырылған. Бірлестіктер бірқатар шара ұйымдастырды, — делі облыс әкімі Б.Бақауов. — Атап айтқанда, «Қазақстан халқы Ассамблеясы — 20 игі іс» республикалық жоба аясында соғыс ардагерлері мен жалғызбасты зейнеткерлерді камкорлыққа алып, оларға жан-жақты көмек көрсетті. «Біз — Қазақстан халқымыз» атты үгіт пойызы Ақсу, Екібастұз, Павлодар қалаларын аралап, ассамблея мүшелерінің атқарып отырған жұмысының мән-мағынасын түсіндіріп, насихаттады. «Мың бала» республикалық мәдени ағартушылық жобасы аясында өзге ұлт өкілдерінің жастары қазақ тілін үйреніп, менгерулеріне жағдай жасалды. Бұдан бөлек, «Бір шаңырақ астында» жобасы шеңберінде түрлі



Қазақстан халқы Ассамблеясы ел бірлігі мен тұтастығын дәріптеп, мәдени-өркениеттік, адамшылық, гуманизм негізінде нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Соның арқасында жүздеген ұлт пен ұлыс өкілінің басы қосылып, бейбітшілік пен татулықта қоян-қолтық өмір сүріп отыр. Әрбір азамат өз ана тілін оқып-үйренуге, салт-дәстүрінен кең түрде мағлұмат алуға, ұлттық құндылықтарын дәріптеуге мол мүмкіншілікке ие болды. Осы тұрғыда, Павлодар облысында атқарылып отырған игі істер дәлел бола алады. Бұл жөнінде облыс әкімі Болат Бақауов жергілікті ассамблеяның жақында өткен кезекті сессиясында баяндап берді.

Ассамблеясының 20 жылыдығын кең көлемде атап өтіп, барынша мол игі іс атқарған аймақтардың бірі. Мұндағы ұлт өкілдерінің өкілдерінің, еңбекқорлығы мен қайырымдылығы көпке үлгі боларлық», — деді.

Ассамблея сессиясына қатысушылар елдің біртектілігімен бірлігін нығайту мен дамыту, жана қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың өзекті мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Б.Бақауов: «Биыл ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы — ел бірлігінің ең басты тұтқасы. Басты мақсат — бейбітшілік

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

МӘСЕЛЕ

Елдің мұңы – жалақы жыры

Ақмола облысында еңбекақы қарызы – 205,6 миллион теңге



Жалғасбек жездем бейуақытта қонырау шалған. Өтініші — шамалы уақытқа қарыз сұрайды. Өзіміз де жалақымен жан бағып отырсақ та, апамызды алып отырған адам болған соң көмектескен ләзім. Бас бармағым мен шылдыр шүмегімнің арасына он мың теңгені қыстырып алып үйіне барсам, апам Ләззат жалыранқы, күйеуі жарты жыл жалақы алмаған адамға ұқсамайды.

— Жана құдағилар келіп кетті. Өздерін риза қылып жібердім. Шай ішіп, жарты күн отырды. Екі жерден қант қойып, екі жерден май қойып, дастарқанды гүл қылып жібердім, — деп күпінеді.

Зайыры ер адамның үйдегі беделі тапқан табысына тікелей байланысты-ау демін. Бұрын ауылда агроном-есепші болып істеген кезінде Жалғасбек жездемді апам «Жәке, біздің Жәкен» дейтін. Қазір түйден түскендей етіп «әй, Жалғасбек» дейді. Даусы да темірді темірге соққандай шыңылдап шығады.

Иә, қазір жалақының жайы жалғыз жездем Жалғасбектің ғана емес, жалпақ елдің мұңына айналып тұр. Ақмола облысында да солай. Мемлекеттік еңбек инспекциясы облыстың 201 кәсіпорны мен ұйымын тексеріп келіп жіберсе, 205,6 миллион теңгенің еңбекақы қарызы сопаң етіп шыға келген. Осы күні жұрт та жай жүре ме? Степногорск қаласындағы «Sareko BK» серіктестігінің жұмысшылары мемлекеттік еңбек инспекциясына жалақы уақытылы қолымызға тимеген соң ел қатарлы той тойлап, батаға бара алмай жүрміз деп арыз

Дүйсенбек БАЙМҰСЫНОВ,

Ақмола облысы еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы:

«Жыл басынан бері Ақмола облысында дағдарысқа қарсы штабтың екі отырысы өткізіліп, үш кәсіпорынның басшысы тыңдалды. Облыстық ұшжақты комиссияда еңбекақы берешегі бар үш кәсіпорынның мәселесі қаралды. Мемлекеттік еңбек инспекциясы еңбекақы төлемеу бойынша заңбұзушылыққа тосқауыл қою үшін шара қолданатын болады»

жазған. Тексеріп келіп жіберсе, кәсіпорын жұмысшыларына 40,2 миллион теңге қарыз. Іле қаһары күшті нұсқама жазылған. Әйтсе де, қаржылық жағынан әбден көтерем болған кәсіпорын еңбекақының 17,9 миллион теңгесін өтегенімен, 22,3 миллион теңгесін төлеуге шамасы жетпеген. Үстіміздегі жылы тексеріс материалдары сотқа жіберілді. Қазір кәсіпорын жұмысын уақытша тоқтатқан. Енді өзіне де, жұмысшыларына да көк тиын пайда жоқ. Дегенмен, «ала қарғада алашағың болсын» дегендей, күндердің бір күнінде еткен еңбектің, төккен тердің өтеуі қайтады-ау деген өлмеші үміттері үзілген жоқ. Жалғыз бұл емес, Зеренді ауданындағы «Көкшетау авиа компаниясы» акционерлік қоғамының еңбекақыға берешегі 29,7 миллион теңгеге жеткен. Бұл кәсіпорынның 152 жұмысшысына төленетін қарызы. Берешекке белшесінен батқандардың арасында Көкшетау қаласындағы «Көкшетау горсельпроект жобалау институты» серіктестігі мен «Атбасар ХПП» серіктестігі қара үзіп тұр. Еңбек кодексінің талаптарын бұзғаны үшін 72 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ендігі бір мәселе — банкрот болған кәсіпорындардың жалақы қарызы. Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметіне қарағанда, жыл басынан бері 17 кәсіпорын банкрот деп танылған. Олардың ішінде «Газдив Б.М.» жекеменшік кәсіпорны мен «Тренд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғана еңбекақы қарызын өтеген. Өзге 15 кәсіпорынның жалақы қарызы 382,5 миллион теңгені құрайды. Оның 227,8 миллион теңгесі Степногорск қаласындағы «Сага Грик Голд Компани» бірлескен кәсіпорынының мойнында. Бурабай ауданының банкрот болған кәсіпорындары да еңбекақы қарызын өтей алмай, берешекке белшесінен батып отыр. Аудан бойынша үш кәсіпорынның жалақы қарызы 42,8 миллион теңгеге жеткен.

Мұндай келенсіз көрініс қазір көп. Өте көп. Ал менін Жалғасбек жездем алты айға тиесілі үш жүз мың теңгесін уайымдап жүр. Тезірек қолына тисе екен деп қоямын. Өйткені, менен де қарыз алды ғой.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Ертіс-Баян өңірі

Бірлік пен Татулық мекені

этномәдени бірлестіктері өз ұлттық өнерлерін көпшілікке көрсетіп, паш етті. Біздің Ассамблея жаңа этномәдени бірлестігімен толықты. Шығыс Еуропа және Ресейдің солтүстік аумағын мекен ететін финн-угор халқының өкілдері венгр, коми-пермяк, марий, мордва, удмурт, финн, эстондықтар ұрпақтары өз ата жұртының, туған халқының ұлттық болмысымен жақын танысуға мүмкіндік алды.

— Менің эстондық атам Лэо Пэдэр Қазақстанға тың игеру жылдары келіп, осы жақта тұрақтап қалып қойған екен, — дейді финн-угор этномәдени бірлестігінің мүшесі Ирина Ковалева. — Осында отбасын құрып, ұрпақ өрбітіп, қуанышқа

ие болған, осы қазақ жерінде көзін жұмған. Мен қазақ халқына таң қаламын. Неткен мейірбанды, жүрегі жұмсақ, пейілі кең халық! Мен сияқты әр ұлттың өкілдерін, аз-көптігімен санаспай, бір отбасының аламындай құшағын ашып, бауырына басты. Біздің Ертіс-Баянауыл өңірі нағыз бірлік пен татулық мекеніне айналып отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Павлодар облыстық бөлімшесі сессиясының жұмысына қатысқан Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалыкова аймақтағы ұлтаралық келісімді жарқын үлгіге балады.

Г.Әбдіқалыкова: «Павлодар облысы — Қазақстан халқы



пен келісім. Жастар тәрбиесіне көп мән берудеміз. Олардың оқуы, жұмыспен қамтылуы басты назарымызда. Қазақ елін мекендеген жұртшылық қазақ тілін білуі тиіс және барлығымызды байланыстырушы да мемлекеттік тіл — қазақ тілі

граммафондық құйтаспалары музейінің ұйымдастырушысы Наум Шафердің ерекше коллекциялары жайында пікір алысты.

Мұхит ОМАРОВ,
Павлодар қаласы

Зерде

Сұсы суық соғыс туралы сөз болса, сыздамайтын жүрек жоқ. Соғыс деген сан мыңдаған жанның қасіреті, сарытап сағынышы, ғұмыр бойы үзілмеген үміті. Қан майдан қаншама ошақтың отын өшірді, енді тұтанғалы тұрған жалынды тұншықтырды. Сондықтан әлемдегі барлық адамзат соғысқа лағнет айтады.

Алапат айкас, қанды қырғын, жойқын жарылыстар мен оқ жанбырша жауған аласапыран кезде небір арыстарымыз ажал құшып, белгісіздік белбеуінде мәңгі қалып қойды. Олардың сонынан отбасына «хабарсыз кетті» деген бір жапырақ кара қағаз келді. Сол қаралы «қара қағазды» сандыққа салып сақтаса да, батысқа қарап телмірген аяулылар қаншама. Ғұмыр бойы жарынан бір хабар келіп қалады-ау деп сарылып, сағыныш отына оранып өткен асыл жардың бірі — Өтір болатын. Шерлі жүрек, алайда жарының хабары жетпіс төрт жылдан соң шығарын білмей, күтумен өтті. 37-гвардиялық полкі, 12 гвардиялық дивизиясының жауынгері Мақаш Тәжібаевтың дерегі сол күйі шықпай кетер ме еді, кім білсін, мына бір тосын оқиға болмағанда.

Женістің 70 жылдығы қарсаңында, Ресей Федерациясының әр облысындағы іздестіру топтары өз бастамасымен айтарлықтай жұмыс атқарды. Солардың бірі — «Гвардеи» іздестіру тобы. Калуга облысындағы Ульянов ауданының Железница деревнясы маңындағы ну орман ішінен соғыс кезінде қаза тапқандардың сүйектерін тапқан. Сол сүйектердің бірінің кеуде тұсында 1939 жылы өткен Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» медалі табылды. Медаль 8141 нөмірімен таңбаланыпты. «Гвардеецтің» Мәскеуге келіп, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің мұрағатын ақтарғанда медаль Шаян (*қазіргі Бәйдібек*) ауданы Мыңбұлақ ауылының тумасы Мақаш Тәжібаевқа тиесілі екені белгілі болады. ВДНХ мұрағатындағы құжат «сөйлеп» кеп бергенде Мақаштың мақтаулы механизатор болғаны анықталды. Замандастарынан әрдайым алда жүрген заңғар тұлға бүкілодақтық биіктен алған марапатын мақтаныш тұтса керек, медальді кеудесіне тасқан күйі соғысқа аттаналды.

Жалғыз медаль! Ол кезде бүгінгідей сансыз сапасыз салпыншақтар жоқ. Медаль асыл металл — күмістен жасалыпты. 74 жыл топырақ астында жатса да, бүлінбеуінің бір сыры осында.

Ендігі мәселе сүйекті туған жер топырағына табыстау еді. «Память»

іздестіру тобының жетекшісі Александр Кузнецов осы тұста «Айғақ» телеарнасының басшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық



мәслихатының депутаты Дулат Әбішті есіне алады. Өйткені, Дулат Назарбекұлы 2013 жылдың 23 тамызында Тверь облысы Зубцов ауданында жерлестеріміз Сұлтанқұл Ерленов пен Байтей Байназаровтың сүйектерін қайта жерлеу рәсіміне мұрындық болғанда «Память» іздестіру тобының жетекшісі Александр Кузнецовпен әңгімелесе келе, етене араласқан-ды. Кейіннен Александр Кузнецовтың жасағы онтүстікқазақстандық майдангер Қалдар Байбағысовтың жерленген жерін тауып берді.

Соғыс құрбаны Қалдардың жерленген жеріне ұлы Салқынбек Қалдаров айғақтықтармен бірге барып, әке бейіті басына белгітас орнатып қайтты.

Бұдан бөлек, Латвияның іздестіру жасағы Қасым Нүрпейісовтің сүйегін тауып, Александр Кузнецовпен хабарласады. Жауынгердің төс қалтасында тарағы болған. Онда майдангердің аты-жөні қашалып жазылыпты. «Айғақ» телеарнасының түсірілім тобы Қасым Нүрпейісовтің сүйегін туған жерге әкеліп табыстады. «Память» іздестіру тобының жетекшісі Александр Кузнецов бұл жолы да Дулат Әбішке сенім артты. Өйткені, бұдан бұрынғы әріптестік байланыс осыған жетелеген еді.

Ұлтжанды ұлан жат жерде қалған жауынгерді іздеп баруға бұл жолы да тәуекелге барды. Патриотизм дегеніміздің өзі адам бойындағы асыл қасиеттерден, адалдықтан да көрінеді. Осылайша, ол Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан батыр Мақаш Тәжібаевтың сүйегін туған жерге жеткізді

мақсатында жоба жасады. Иманды идеяны Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бейбіт Атамқұлов қызу қолдады. Артынша облыстық мәслихаттың хатшысы Камытбек Айтөреев бастаған делегация Ресейге жол тартты.

Ресейдің Калуга облысының Ульянов ауданында Жеңіс мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті. Орайы келгенде, бұл — 9 Мамыр күні еді. Ресейлік тұрғындар өздерін басқыншылардан қорғаған жауынгерлерді ұмытпайды. Оларды ұлтына, дініне қарамай бауыр тұтады. Салтанатты мерекеді бұл айқын көрініс тапты. Ұлттық киіммен тұрған қазақстандықтарға мақсатында жоба жасады. Иманды идеяны Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бейбіт Атамқұлов қызу қолдады. Артынша облыстық мәслихаттың хатшысы Камытбек Айтөреев бастаған делегация Ресейге жол тартты.

Ресейдің Калуга облысының Ульянов ауданында Жеңіс мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті. Орайы келгенде, бұл — 9 Мамыр күні еді. Ресейлік тұрғындар өздерін басқыншылардан қорғаған жауынгерлерді ұмытпайды. Оларды ұлтына, дініне қарамай бауыр тұтады. Салтанатты мерекеді бұл айқын көрініс тапты. Ұлттық киіммен тұрған қазақстандықтарға

олар елжірей қарады. Батырының сүйегін іздеп келген патриоттарға ризашылық сезімдерін бүкпесіз жеткізді.

Козельск қаласындағы арнайы орында 11 айдан бері сақтаулы тұрған жауынгер Мақаш Тәжібаевтың сүйегі туған жерге осылай жеткізілді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Оңтүстік Қазақстан облысы



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЖЕЗҚОҢЫРАУ



ТАНИМ

Аспантану – бүгінгі тілмен айтқанда, бұл үлкен ғылым. Бұрынғы ата-бабаларымыз аспандағы 24 жұлдыздық амал өзгерісін, яғни табиғат құбылысын: жауын-шашын уақытын дәлме-дәл айта алды. Жайлау мен қыстау, көктеу мен күздеу арасындағы көші-қонды көк аспандағы көп жұлдызға қарап білген. Тіпті әрбір жұлдыздың аты мен затын, қозғалысын да жақсы меңгерді. Осының бәрі қазақтың сан мыңдаған жыл бойы қалыптасқан аспантану танымының жемісі.



Белгілі этногрф-ғалым Болат Бопай көктегі жұлдыздың сыры туралы бізге берген сұхбатында: «Қазақтың ішінде ертеде, баяғы замандардан бастап қуыс камысты аспанға қаратып, сығалап, сонымен жұлдыздардың орнын бақылайтын аспан есепшілері болған. Олар жұлдызға казакша ат қойып, жақсы таныған. Жеті қаракшы, үркер, таңшолпан, есеккырған, сары жұлдыз, қызыл жұлдыз, сүмбіле, таразыны білді. 24 амалдық жұлдызда 300-ге жуық мақал-мәтел бар. Мысалы, «Таразы туса, таң салқын». «Сүмбіле туса су салқын» — дейді.

Бір жылда 24 амал бар. 24 амал дегеніміз — 24 жұлдыз. Бір амал 6 күннен тұрады. «Амалдың кіруі», «амалдың ортасы», «амалдың шығуы» болады. Мамырдың 10 күні Сартан амал кірсе, 19 мамыр Зауза амалы кіреді. Қазақтың «Сартан-Зауза» деп жүргені, міне, осы. Бұл аралық жауын-шашынды келеді. Сартан жұлдызы аспанда бір рет 7 күн көрініп, кайтадан алыстап кетеді. Күн жүйесінің арғы жағына кетіп қалады. Зауза жұлдызы да сондай. Сондықтан қазақтың аспан есепшілері бір жылды 13 тоғыспен, 24 амалмен, 7 үлкен белгімен, 7 күндік уақытпен, 24 сағат — бір тәулікпен, айлық, жұлдыздық, жылдық есеп жасаған» — деді.

Қазақтың өзіне тән, ата-бабаларымыз ұстанып келе жатқан астрономиялық аспан есебі дейтін үлкен ғылым бар. Онда ауа райы ғана емес, әр адамның, тіпті малдың төлін, жылқының жүйрігін — бәрін аспандағы жұлдызға қарап тағдырын таныған, білген. Бұл

ОРАЗА ҰСТАУ МЕН НАМАЗ ОҚУ УАҚЫТЫНЫҢ КЕСТЕСІ

(Алматы қаласы)

Рамазан айының күндері	Маусым-шілде айы	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінгі намазы	Ақшам намазы (ауызашар)	Құптан намазы
1	6 маусым	03:27	05:13	12:52	18:09	20:32	22:16
2	7 маусым	03:26	05:13	12:52	18:09	20:33	22:17
3	8 маусым	03:26	05:12	12:52	18:10	20:34	22:18
4	9 маусым	03:25	05:12	12:53	18:10	20:34	22:19
5	10 маусым	03:25	05:12	12:53	18:10	20:35	22:19
6	11 маусым	03:24	05:12	12:53	18:11	20:35	22:20
7	12 маусым	03:24	05:12	12:53	18:11	20:36	22:21
8	13 маусым	03:24	05:12	12:53	18:11	20:36	22:22
9	14 маусым	03:23	05:11	12:54	18:12	20:37	22:22
10	15 маусым	03:23	05:11	12:54	18:12	20:37	22:23
11	16 маусым	03:23	05:11	12:54	18:12	20:38	22:23
12	17 маусым	03:23	05:12	12:54	18:13	20:38	22:24
13	18 маусым	03:23	05:12	12:55	18:13	20:38	22:24
14	19 маусым	03:23	05:12	12:55	18:13	20:39	22:24
15	20 маусым	03:23	05:12	12:55	18:14	20:39	22:25
16	21 маусым	03:23	05:12	12:55	18:14	20:39	22:25
17	22 маусым	03:24	05:12	12:55	18:14	20:39	22:25
18	23 маусым	03:24	05:13	12:56	18:14	20:39	22:25
19	24 маусым	03:24	05:13	12:56	18:14	20:39	22:25
20	25 маусым	03:25	05:13	12:56	18:14	20:40	22:25
21	26 маусым	03:25	05:14	12:56	18:14	20:40	22:25
22	27 маусым	03:26	05:14	12:56	18:14	20:40	22:25
23	28 маусым	03:26	05:14	12:57	18:15	20:40	22:25
24	29 маусым	03:27	05:15	12:57	18:15	20:39	22:24
25	30 маусым	03:28	05:15	12:57	18:15	20:39	22:24
26	1 шілде	03:28	05:16	12:57	18:15	20:39	22:24
27	2 шілде	03:29	05:16	12:57	18:15	20:39	22:24
28	3 шілде	03:30	05:17	12:58	18:15	20:39	22:23
29	4 шілде	03:31	05:18	12:58	18:15	20:38	22:22

ЕСКЕРТУ:
• Биыл, яғни 2016 жылғы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 29 күн.
1. Шілденің 1-нен 2-сіне қараған түн Ләйләтул-Қадр, яғни қасиетті Қадр түні.
2. Сәресі ішу таң намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтатылады.
3. Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және т.б. жеміспен де ашуға болады.
4. Тарауих намазы Құптан намазынан кейін оқылады, ал Үтір-Уәжіп намазы ең соңынан жамағатпен оқылады.
5. Пітір-садақаны Рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Биыл пітір садақасы — 200 теңге болып бекітілді.
6. 5 шілде (сейсенбі) күні Ораза айт мейрамы басталады.
7. Оразаға ниет: Алла тағала үшін мұбарак рамазан айының оразасын ұстауға таңнан күн батқанға дейін ниет еттім.
8. Ауызашар дұғасы: «Жаратқан Ием, Сен үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген руық несібенмен ауыз аштым. Иә, кешірімді Алла, менің алдыңғы және соңғы күн-кешіліктерімді кешіре гөр!»
ҚҰРМЕТТІ МҰСЫЛМАН БАУЫРЛАР! Алла тағала бәріңізге мықты денсаулық, зор күш-қуат берсін, жасаған ғибадаттарыңызды қабыл етсін!



Ақтөбенің Әбілқайыр хан және Әлия Молдағұлова даңғылының қиылысында домбыраға ескерткіш қойылды.

Қала тұрғындары

халқымыздың — жұлдыз жорамалы. Он екі айды 12 жұлдызға балап, әр туылымның ерекшелігін дәл білген. Он екі жұлдызды 4 үлкен топқа бөледі. Олар: От жұлдыз, Су жұлдыз, Топырақ жұлдыз, Жел жұлдыз.

Топырақ жұлдыз дегеніміз — наурызға дейінгі үш ай. Бұл жердің көктеген кезі, көктің көрініп, топырақтың бусанып, табиғаттың көркіне келген шағы. Осы үш ай аралығында туған баланың денсаулығы мықты, жүзі сұлу, шырайлы келеді. Өйткені, жер, топырақ бәрін көтереді ғой.

Су жұлдызы 22 желтоқсаннан 21 наурызға дейінгі аралықты қамтиды. Су жұлдызында туған кісінің мінезі теңіздей терең болады дейтін бұрынғылар. Кемшілігім де көп.

Аспандағы үркер жұлдызы күннің арғы жақ тасасында қалған кезде, яғни көрінбей



кеткенде: «Үркер жерге түсті» деп айтады. Үркер жоғалғаннан бастап От жұлдыз пайда болады. Өйткені, ауада оттегі көбейеді. Бұл кезде туылған баланың мінезі ыстық болады. Тілі мен көз өткір. Алғыр келеді. Не көрсе, соны қағып алады. Білімді, өнегелі. Жауынгер.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Алматыда 635 жасөспірім өз мамандығын таңдады. Бұл «Болашақ – менің таңдауым» деп аталатын жоба аясында жүзеге асты. Жиынның өтуіне «Шеврон» компаниясы мен «Білім – Орталық Азия» орталығы ұйытқы болып отыр.

Жобаға жыл басынан бері Алматы қаласының 8 мектебінен 9-10-сынып оқушылары қатысты. Оқу басталмай тұрып, тәлімгерлердің басым бөлігі болашақ мамандығы туралы, тіпті ойламаған екен. Кейін 9-сынып арасынан 86%, ал 10-сынып арасынан 78% оқушы мамандық таңдауда нақты шешімге келді. Оқушылар ең алдымен шығармашылық, экономикалық, медициналық, техникалық, педагогикалық бағыттағы мамандықты таңдады. Өз мамандығын дұрыс таңдауы үшін, арнайы интерактивті лекция, қызықты тренинг, сауалнама жүргізілді.

«Білім — Орталық Азия» орталығының атқарушы директоры Лариса Горбунованың айтуынша, әр мектеп бітірушісі мамандығын таңдауы үшін ата-ана, оқытушы, қоғам қайраткерлері бірігіп жұмыс істеуі керек. Пилоттық жобаны қорытындылау жиынына Мәжілс депутаттары, Білім және ғылым министрлігінің мамандары, Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері қатысып, ойларын ортаға салды. Жоба алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Бөлім редакторлары: Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76) Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96) Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Марат МАМАНБАЙ	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы) Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108) Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2101; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 45 000 дана Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.
---	---	--	---